

Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереженің  
№5 Қосымшасы

Ресми рецензент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент П.Т. Ауесбаеваның «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Обаева Гульнара Садуакасовнаның «Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
**ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқалардың біреуін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сай болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номерін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>«Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» деген тақырыпқа жазылған диссертациялық жұмыс тұжырымдары елімізде қабылданған төмендегідей мемлекеттік нормативтік құжаттар мен үлгі қалыптарға сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (16.10.2023 ж., №914).</p> <p>2) «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (12.10.2021 ж., №724).</p> <p>3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы (І. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт, 21.11.2018 ж.).</p> <p>4) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (12.10.2021 ж., №726).</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ ашылмаған.	<p>«Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» тақырыбындағы диссертация ғылымның дамуына үлесін қосады. Ең алдымен, диссертацияда Ғ. Мүсіреповтің прозалық, драматургиялық шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылуы мен маңызы, жазушының көркемдік стилінің қалыптасуына ықпалы зерттеу нысанына алынған. Жазушы шығармаларында фольклорлық мотивтердің әртүрлі формада көрініс табуы, қазақ халқының мәдени мұрасын жаңғыртуға, оны заманауи контексте қайта түсінуге жол ашатыны ғылыми дәлелді тұжырымдармен ұсынылған.</p> <p>Диссертант өз зерттеу жұмысында жазушы қолданған фольклорлық жанрлар мен сюжеттер, фольклорлық кейіпкерлер, интермәтінді пайдалану шеберлігін алғаш рет салыстырмалы аспектіде зерттеген. Сонымен бірге Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы стиль мен тақырыптың қалыптасуына фольклордың әсері оның шығармашылық эволюциясының түйінді қыры екендігін және жазушы өз шығармашылығында халықтық дәстүр мен фольклорға үнемі сүйенгендігін, фольклордан желі тартып келе жатқан сан қырлы мотивтер, аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттер, халықтың этнографиялық дәстүрлері оның шығармаларында желі тартып, айрықша әдеби дүние жасауға шабыттандырып, ұлттық колорит дарытатындығын дәлелдеген.</p> <p>Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларында мифопоэтиканың жаңаша қарастырылуы және заманауи дүниетаным тұрғысынан интерпретациялануы интермәтінділік формалар арқылы жан-жақты дәлелденген. «Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» тақырыбын зерделеу барысында диссертант әдеби-тарихи, типологиялық, сипаттамалық, талдау, салыстырмалы және құрылымдық зерттеу әдістерін қолдана отырып, сюжеттер мен жанрлардың тарихи негізділігін, халық өміріндегі маңызын, сондай-ақ танымдық-тәрбиелік мәнін саралаудың тәсілдерін ұсынған.</p>
----	------------------------	---	--

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған.</li> </ol>	<p>Диссертанттың ғылыми жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық зерттеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай орындалған. Диссертацияда академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған. Ізденуші ғылыми стильді меңгерген, өзіндік сыни пікірі, ой-топшылаулары бар. Зерттелуі тиіс маңызды мәселелер дұрыс айқындалған, оларды шешуде ғылыми әдіс-тәсілдер дұрыс таңдалған. Қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары салмақты. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алғандығы, ой сабақтастығының жүйелелігі, Обаева Гульнара Садуакасовнаның жұмысты өзі жазғандығын көрсетеді және оның жазылу деңгейі жоғары деп санауға негіз бола алады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (9-10-бб.).</p> <p>Зерттеу жұмысы қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов шығармашылығының бүгінге дейін зерттелмей келген саласы фольклорлық мотивтерді пайдалану шеберлігін алғаш рет жүйелі талдаумен өзекті. Фольклорлық жанрлар мен сюжеттер, фольклорлық кейіпкерлер, интермәтінділік тәсілдерінің берілу ерекшелігі жазушы қолтаңбасын анықтауға негіз болып, зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (7-12 бб.). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық сюжеттер мен жанрлардың қолданысы, фольклорлық кейіпкерлердің өзіндік трактовкасы, олардың көркемдік-идеялық, танымдық мәнін ашуға бағытталған. Әдебиеттану ғылымында қалыптасқан фольклоризм, фольклорлық мотивтер, фольклорлық дәстүрлер ұғымының ара-жігі анықталып, көркем әдебиет пен фольклор байланысының арақатынасы теориялық тұрғыдан негізделген. Әлем және қазақ әдебиеттану ғылымындағы фольклоризм теориясының историографиясы жүйеленген. Жазушының шығармашылық</p>

			<p>жолындағы фольклордың маңызын, оның әдебиетке келу сапарындағы игі әсерін, өзіндік стилі мен даралығын, ұлттық болмысты қалыптастырудағы фольклорлық мотивтердің рөлін анықталып, халық ауыз әдебиеті арқылы қазақ мәдениетінің, тарихының, құндылықтарының көрінісі зерделенген. Зерттеу жұмысының үшінші бөлімінде фольклорлық мотивтердің постмодернистік бағытта қолданылуы және әлем әдебиетінде қалыптасқан тенденцияны Ғ. Мүсірепов шығармаларында айқын көрсететін тұжырымдар жасалған.</p> <p>Қорытындылай келе, диссертациялық жұмыс тақырыптың мазмұнын толық ашады.</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысында алға қойылған мақсат – Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшелігін талдау арқылы жазушы шеберлігінің негізін анықтау. Осы мақсатқа жету жолында алты міндетті шешу жоспарланған. Диссертацияның мақсат-міндеттері тақырыбына толық сәйкес және орындалған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- фольклор, фольклоризм, фольклорлық мотив ұғымдарын жекелей анықтап, айырмашылықтарын айқындау. Бұл міндетті жүзеге асыруда ізденуші фольклор және фольклоризм, фольклорлық мотив ұғымдарының шетел және қазақ әдебиеттануындағы тарихнамасына шолу жасап, фольклор мен әдебиет байланысы тарапындағы ғылыми бағыттарға қатысты тұжырымдарға талдау жасайды.</li> <li>- Ғ. Мүсіреповтің шығармашылық жолының қалыптасуындағы, оның әдебиетке келудегі ықпал еткен алғышарттарды талдау, өзіндік стилі мен даралығын қалыптастырудағы фольклордың рөлін анықтау – зерттеуде көзделген келесі міндет. Бұл міндеттің шешілуі диссертацияда нысанға алынған жазушының шығармашылық қалыптасуына ықпал еткен негізгі факторлар мен эпикалық драматургиясын талдауға негіз болады;</li> <li>- келесі міндет – қаламгер шығармаларындағы мотивтерді жанрлық, сюжеттік, образдық тұрғысынан ажырату, жаңашыл ізденістерін талдау. Бұл жазушының аталған мотивтерді пайдаланудағы даралығын, ұлттық характер қалыптастырудағы интроспективті</li> </ul>

		<p>тәсілдерді игерудегі жаңашыл ізденістерін талдау үшін қажет. Сол арқылы фольклорлық жанрлардың қолданылу ерекшелігіне, фольклорлық сюжеттерді пайдалану даралығына талдау жасайды. Фольклордағы тұрақты кейіпкер мен әдебиеттегі образ мәселесін теориялық анықтай отырып, жазушы шығармаларындағы өзіндік ерекшелікті даралап, өзіне тән қолтаңбасын, өзгелерге ұқсамайтын ерекшелігін анықтайды.</p> <p>- Ғ. Мүсірепов туындыларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктерін айқындап, фольклорлық-этнографиялық, көркемдік, тақырыптық-идеялық аспектілерде қарастыру – зерттеу жұмысында көзделген төртінші міндет. Бұл міндетті шешу үшін контент талдау әдісі, интерпретациялық талдау әдісі, әдеби дискурстық талдау әдістері таңдалған.</p> <p>- Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің ұлттық дүниетанымдағы, халықтық таным моделіндегі сюжеттік, мифтік ерекшеліктерін айқындау – зерттеуде көзделген бесінші міндет. Осы негізде Ғ. Мүсірепов шығармаларында кездесетін фольклорлық мотивтерді жіктеп, фольклорлық үлгілермен салыстыру жүзеге асырылған.</p> <p>- соңғы міндет – Ғ. Мүсіреповтің көркем туындыларындағы фольклорлық мотивтерді постмодернизм бағыты аясында талдау. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жазушы шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің заманауи дүниетаным тұрғысынан интерпретациялануын интермәтінділік формалары арқылы анықтайды және сауалнамалар жүргізу арқылы негіздейді. Практикалық негізде әлем әдебиетінде орын алып жатқан постмодернизм құбылысы фольклорлық мотивтердің негізінде дамитынын Ғ. Мүсірепов шығармашылығы аясында дәлелдеген.</p>	<p>тәсілдерді игерудегі жаңашыл ізденістерін талдау үшін қажет. Сол арқылы фольклорлық жанрлардың қолданылу ерекшелігіне, фольклорлық сюжеттерді пайдалану даралығына талдау жасайды. Фольклордағы тұрақты кейіпкер мен әдебиеттегі образ мәселесін теориялық анықтай отырып, жазушы шығармаларындағы өзіндік ерекшелікті даралап, өзіне тән қолтаңбасын, өзгелерге ұқсамайтын ерекшелігін анықтайды.</p> <p>- Ғ. Мүсірепов туындыларындағы фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктерін айқындап, фольклорлық-этнографиялық, көркемдік, тақырыптық-идеялық аспектілерде қарастыру – зерттеу жұмысында көзделген төртінші міндет. Бұл міндетті шешу үшін контент талдау әдісі, интерпретациялық талдау әдісі, әдеби дискурстық талдау әдістері таңдалған.</p> <p>- Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің ұлттық дүниетанымдағы, халықтық таным моделіндегі сюжеттік, мифтік ерекшеліктерін айқындау – зерттеуде көзделген бесінші міндет. Осы негізде Ғ. Мүсірепов шығармаларында кездесетін фольклорлық мотивтерді жіктеп, фольклорлық үлгілермен салыстыру жүзеге асырылған.</p> <p>- соңғы міндет – Ғ. Мүсіреповтің көркем туындыларындағы фольклорлық мотивтерді постмодернизм бағыты аясында талдау. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жазушы шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің заманауи дүниетаным тұрғысынан интерпретациялануын интермәтінділік формалары арқылы анықтайды және сауалнамалар жүргізу арқылы негіздейді. Практикалық негізде әлем әдебиетінде орын алып жатқан постмодернизм құбылысы фольклорлық мотивтердің негізінде дамитынын Ғ. Мүсірепов шығармашылығы аясында дәлелдеген.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмысының құрылымы бір-бірімен логикалық тұрғыдан толық байланысты үш тараудан тұрады. Диссертацияның 19-73 беттер аралығын қамтитын 1-тарауы фольклор мен фольклоризм ұғымының зерттелу тарихынан бастап, жазушы фольклоризмінің алғышарттарын саралау, шығармашылығының бастауы фольклорлық тақырыптарды арқау еткен эпикалық</p>	<p>Зерттеу жұмысының құрылымы бір-бірімен логикалық тұрғыдан толық байланысты үш тараудан тұрады. Диссертацияның 19-73 беттер аралығын қамтитын 1-тарауы фольклор мен фольклоризм ұғымының зерттелу тарихынан бастап, жазушы фольклоризмінің алғышарттарын саралау, шығармашылығының бастауы фольклорлық тақырыптарды арқау еткен эпикалық</p>

		<p>драматургиясындағы фольклорлық мотивтерді жүйелеуге арнаған. Бұл тарауда диссертацияның теориялық негіздемелері қарастырылған, зерттеудің келесі тарауында фольклорлық мотивтердің нақты қолданысы, ерекшелігі, көркемдік қызметі қарастырылған. Яғни 75-130 беттер аралығында нақты диссертация нысаны болып табылатын фольклорлық мотивтер жанрлық, сюжеттік, образдық типтерге қарай жүйеленіп, жазушының «Ұлпан», «Оянған өлке» романдары, «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі мен әңгімелері негізінде талдау жасалған. Ал 131-167 беттер аралығында диссертант алдыңғы екі тараудағы дәстүрлі фольклорлық мотивтердің заманауи интерпретациялануына назар аударып, бүгінгі әдебиеттанудағы жаңа бағыттың аясында талдау жасап, өткен ғасырдағы көркем туындылардың бүгінгі әдебиеттанудың талаптарына да сәйкес келетінін дәлелдеген. Постмодернизмнің фольклорлық мотивтерден бастау алатынын теориялық және практикалық жағынан негіздеп, эксперименттік әдіс арқылы өз тұжырымын дәлелдеген. Осының негізінде диссертацияны бір-бірінен туындайтын өзара толық байланысқа құрылған зерттеу жұмысы деп бағалауға болады.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар. Г.С. Обаева ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, Ғ. Мүсірепов көркемдік жүйесінде фольклормен байланыстың түрлі әдістері қолданылғандығы зерттеліп, интермәтінділік, дәйексөз, тікелей еске түсіру, реминисценциялар, жасырын ассоциациялар, тұспалдаулар, аллюзиялар, фольклордың тұрақты бейнелері мен белгілері сипатталып, Ғабит Мүсірепов көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер турасында айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған (17, 29, 31, 44, 67, 76, 78, 131, 144, 151, 152 бб.).</p> <p>Диссертация тақырыбына қатысты теориялық талдаулар жасалған алғашқы бөлімде фольклоризм мен фольклорлық мотивтер терминдеріне қатысты пікірлерге талдау жасай келіп, диссертацияда қай түсінікте қолданылатындығы және неге оны таңдауына қатысты</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>		

			пікірін ашық білдіруі (21-26, 31-33 бб.), халық ауыз әдебиетінің қатысты ұлттық таным тарапына қатысты пікірлерді келтіре отырып, талдау еңбектеріндегі түйіндермен келісе қоймайтындығы және оның себебінің ашып көрсетілуі (20-б.), фольклоризм проблемасына аймақтық көзқарас туралы шетел ғалымының пікірімен келіспейтінін өз тұжырымымен негіздеуі (33-34 бб.), постмодернизм мен фольклордың байланысы теориялық және практикалық аспектіде қарастырылып, бүгінгі қазақ әдебиеттануының даму тенденциясын анықтауда өзіндік дәлелдемелер келтіруі автор ұсынған жаңа шешімдерді айғақтайды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Зерттеуде Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтер мәселесі алғаш рет зерттеліп, нәтижесінде фольклор мен әдебиет байланысы жаңа деңгейде анықталған. Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларының контекстінде фольклорлық мотивтердің қолданылуы, олардың авторлық идея мен тақырыптарға қызмет ету деңгейі, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен дәстүрдің әдебиеттегі көрінісін анықтау үшін фольклоризм теориясы жүйеленіп (19-39 бб.), фольклоризм типтері сюжеттік, жанрлық, образдық (75-130 бб.), интермәтіндік мотивтер тұрғысынан жіктеліп, олардың көркемдік, идеялық, танымдық мәні анықталған (131-165 бб.). Жазушы туындыларындағы фольклоризмдер эпикалық аңыздау, лирикалық толғаныс, драмалық тартыс, мифо-поэтикалық сарындар, түс көру, тектілік, күшті адам, шешендік сөз орамдары мен тұспалдау, батырлық, жанрлық, сюжеттік, образдық, постмодернистік мотивтер деп сараланып, нақты мысалдармен дәлелденген. Осылардың ішінде эпикалық аңыздау, лирикалық толғаныс, драмалық тартыс, тектілік, күшті адам, постмодернистік мотивтер автор тарапынан алғаш рет ұсынылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми жұмыста алынған алты қорытынды жасалған сараптама төмендегідей: Бірінші қорытынды тұжырым негізінде фольклордың феномендік құбылыс деп танылуы заңды. «Фольклор» ұғымымен қатар «фольклоризм» термині қатар қолданылып, ғылыми зерттеу

			<p>жұмыста арнайылап қарастырылған. Диссертациялық жұмыста «фольклоризм» теориясының генезисі мен типологиясы жүйеленіп, көркем әдебиетте фольклорлық мотивтердің қолданылуы ұлттық дүниетанымның, халықтық ерекшеліктің айқын көрінісі екені анықталған.</p> <p>Екінші қорытынды жазушының драмалық, прозалық шығармаларындағы фольклорлық мотивтерді талдауда авторлық ерекшеліктің айқындалуымен жаңа.</p> <p>Үшінші қорытынды тұжырым да жаңа. Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы анықталып, талданған фольклорлық мотивтер: түс көру мотиві, мифо-поэтикалық сарын, драмалық тартыс, тектілік мотиві, шешендік сөз мотиві, фольклорлық кейіпкерлер мотиві, жар таңдау мотиві, ғажайып қолдаушы мотиві, батырлық мотиві, күшті адам мотиві. Автор фольклорлық мотивтер ретінде фольклорда кездесетін кейіпкерлерді, образдар жүйесін, фольклор сюжетінің көркем әдебиеттегі трансформациясын авторлық ерекшелігін айқындап, тұжырымдайды.</p> <p>Төртінші қорытындыда архаикалық сарындардың қалыптасуындағы этнографиялық деректердің маңызы тұжырымдалған. Бұл өз кезегінде фольклор мен этнография саласының өзара жақындығын дәлелдейді. Бұл қорытынды жаңа болып табылады, дегенмен ішінара белгілі зерттеу нәтижелері де кездесіп қалады. Себеп – фольклорда жиі кездесетін этнографиялық деректер көркем шығарманың негізгі тақырыптық, идеялық арнасын құрайтыны. Ал халықтың наным, тұрмыс-тіршіліктері туралы мәліметтер қаламгер шығармаларындағы фольклорлық мотивті құрайтыны туралы қорытынды – жаңа.</p> <p>Бесінші қорытынды – жаңа. Бұл тұжырым жазушы қолданысындағы фольклорлық мотивтердің аңыздық, мифтік, ертегілік сюжеттер негізінде берілуімен байланысты. Мазмұндық құрылым, авторлық ұстаным, кейіпкерлер әлемі сынды негізгі арналар фольклорлық мотив жайлы ұғымды тереңдетіп, фольклор мен әдебиет байланысын нығайта түсетіні тұжырымдалған.</p>
--	--	--	--



			<p>Алтыншы түйін фольклор мен әдебиет байланысының әлем әдебиеті тенденциясымен өзектес етеді. Нәтижесінде фольклорлық мотивтер фольклор мен әдебиет байланысын жаңа деңгейге көтерді. Қорытындының жаңалығы фольклордан бастау алатын образдар жүйесі өзгеріске ұшырап, симулякр ретінде; сол күйінде бейнеленіп реминисценция ретінде; тікелей фольклорлық мұралардан алынған сілтеме цитата; тұспал, жасырын мағына аллюзия ретінде; фольклорлық үлгіге тән сықақтау пародия ретінде; шытырман оқиға желісіне құрылған композициялық құрылым ризоматикалық құрылым ретінде қарастырылуымен байланысты.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерінен туындайды. Таратыпайтқанда, зерттеу мақсаты ретінде алға қойылған мәселе Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтерді анықтауда С.А. Қасқабасов, Р. Бердібай, Ә. Молдаханов, орыс фольклористері А. Новиков, Б. Путилов теориясы негізге алынған (22-26 бб.); фольклоризм терминінің қалыптасуын саралауда, фольклор мен әдебиет байланысының теориялық мәселелерін талдауда В.Я. Пропп, У.Б. Далгат, П.С. Выходцев, Д.Н. Медриш пікірлері есепке алынған (27-б.), қазақ әдебиеттану ғылымындағы фольклор мен әдебиет байланысын А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Сейфуллин, М. Жұмабаевтардан бастап бүгінгі С. Қасқабасов мектебі өкілдерінің ғылыми теорияларына сүйене отырып талдаған (39-50 бб.). Классикалық эпосты классикалық драмаға айналдырудағы ерекшеліктерін және ондағы фольклорлық мотивтерді жіктеуде Н. Нұрғали, Г. Пірәлиева, Ш. Ыбыраев</p>

			<p>теорияларын басшылыққа алған (51-54 бб.). Фольклорлық сюжеттерді пайдалану, ұлттық-әдеби дәстүрлерге сүйенудің қаламгердің шығармашылық өсу жолына ықпалын талдауда Р. Бердібай, С.А. Қасқабасов, Ә. Молдаханов, Б. Қанарбаева, Ж. Әскербекқызы, Қ. Байтанасова секілді ғалымдар пікірлері негіз болған.</p> <p>Диссертациядағы фольклордың постмодернизм үдерісімен байланысы туралы жаңа тұжырымдарын ұсынуда Р. Барт, М.Н. Эпштейн, Н.Л. Лейдерман, О.В. Богданова, Н.А. Фатеева, Н.А. Кузьмина, Г. Сәулембектің ғылыми еңбектеріндегі пікірлері басшылыққа алынған (131-1150 бб.). Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің постмодернизм үдерісімен байланысын анықтауға бағытталған сауалнама Ш. Муфф, Э. Лакло З. Харрис, М. Пеше, Ю. Хабермас, Ю. Степанов, Т. Есембек сынды зерттеушілердің теорияларына негізделген (160-166 бб.).</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер:</p> <p>Бірінші тұжырым негізінде әлем және қазақ әдебиеттануындағы «фольклоризм» теориясының тарихнамасына шолу жасалып, ұғымның мәнін жинақтағаны ішінара жаңа деуге болады. Себебі мұнда белгілі зерттеулер тұжырымдары талданады, алайда солардың негізінде диссертант фольклорлық мотив ұғымының қазіргі қолданыстағы мәнін айқындағаны – қорытындының жаңашылдығын растайды.</p> <p>Екінші тұжырымға сай драмалық, прозалық шығармаларындағы фольклорлық мотивтер түрлерге жіктеліп, олардың ішінде эпикалық баяндау, лирикалық толғаныс, драмалық тартыс, тектілік, күшті адам мотивтері мен интермәтінділік формалардың мотивтерін ізденуші өз тарапынан алғаш рет ұсынады. Фольклорлық мотивтерді жан-жақты талдауда, пайдалану ерекшеліктерін ажыратуда, қолдану деңгейі мен қолданылу жиілігін айқындауда контент талдау әдісі, интерпретациялық әдіс негізге алуы да қорытындардың жаңаша талдануына дәлел. Нәтижесінде Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтердің</p>

		<p>2) орташа;  3) <u>кең</u>.  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>иә</u>;  2) жоқ.</p>	<p>дәстүр жалғастығы мен автор тарапынан енген өзгерістер анықталған.</p> <p>Зерттеудегі үшінші тұжырым бойынша автор жазушының көркем шығараларындағы фольклорлық образдардың, фольклор сюжеттерінің, жанрларының мотивтерін түрлеріне қарай жіктеген, мысалдар арқылы дәлелдеген. Соның ішінде аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттерді мынадай негізде қолданады: мазмұндық құрылым, ертегілік сипаттағы образдардың сөзі, авторлық баяндау. Төртінші тұжырымдағы мифтік санада қалыптасқан кейіпкерлердің болмысы көркем прозада жалғастық тауып, өзгеріске түсіп жататынын дәлелдеген. Ғабит Мүсірепов өз шығармаларында мифтік кейіпкерлерді тікелей емес, жанама түрде, тілдік көркем құралдар арқылы көрсетеді, олардың символикалық мәнін терең түсініп, шығармашылық үрдісіне ықшамдап енгізеді. Бұл тәсіл жазушының өзгелерге ұқсамайтын ерекшелігі екендігіне дәлілді пікірлер келтіреді (124-127 бб.)</p> <p>Бесінші тұжырым – жазушы шығармаларында фольклорлық жанрлардың өзіндік интерпретациясы автордың шеберлігін айқындайтын маңызды аспект екендігі. Жазушының шығармаларында фольклорлық жанрларды қолдану (оның ішінде мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен лирикалық әндер, т.б.) интермәтіндік байланыстарды қалыптастыратыны шығарманың концептуалды және стилистикалық құрылымын байытып, жазушы шығармашылығында ерекше сөйлеу мәнерін қалыптастыратыны дәлелденген.</p> <p>Соңғы тұжырымы – сауалнама нәтижелері негізінде дәлелденген. Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы постмодернизм үдерісі анықталған. Ғ. Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық мотивтерді постмодернистік бағытта анықтау цитата, аллюзия, реминисценция, интермәтінділік, пародия, симуляция, ризоматикалық құрылым ұғымдарын алдыға шығарып, әрі бүгінгі қазақ әдебиетіндегі постмодернистік бағыттың іргетасы жөнінде жаңа тұжырым жасалған.</p> <p>7.2 Диссертациялық еңбекте ұсынылған қағидаттар тривиалды емес.</p>
--	--	---	--

			<p>7.3 «Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» тақырыбы жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қазіргі кезеңде бұл мәселе кең қолданыста.</p> <p>7.5 «Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» қолданысы осы тақырып бойынша жарияланған 13 мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған (12-б.). Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері ретінде бақылау, сипаттау, талдау, синтездеу, жалпылау сияқты жалпы ғылыми әдістер; фольклорлық мотивтердің көркем шығармадағы қолданылуына, халық дүниетанымындағы маңызын анықтауға, танымдық әрі тәрбиелік мәнін саралауға бағытталған әдеби-тарихи, тарихи-салыстырмалы, типологиялық, объективті-аналитикалық талдау әдістері; фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктерін, қолданылу жиілігін, қолданылу деңгейін айқындау мақсатында контент талдау әдісі; жасырын, астыртын қолданылған фольклорлық мотивтерді айқындауда интерпретациялық талдау әдісі; постмодернизм мен фольклор байланысын анықтауда дискурстық талдау әдісі, сауалнама, дискурстық тәжірибе қолданылған. Сонымен бірге Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтер түгелдей теру әдісімен таңдалып, фольклорлық сюжеттермен салыстыру әдісі арқылы талданған. Аталған әдістер сандық және сапалық тұрғыда тиімді пайдаланылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә;</p>	<p>Зерттеу жұмысының нәтижелерін шығаруда, жалпы еңбекті жазу барысында компьютерлік технологиялар қолданылған. Мысалы, эксперимент қорытындылары сандық көрсеткіштер бойынша салыстыра отырып талдау нәтижесінде алынған.</p>

		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және үшінші бөлімнің тараушасы арқылы дәйектелген (150-166 бб.). Зерттеу барысында әдеби дискурстық талдау әдісі негізінде эксперименттік талдау жүргізіліп, зерттеу нәтижелері бүгінгі әдебиеттегі постмодернизм ағымының стильдік көріністеріне фольклор негіз болатынын көрсетті. Экспериментке қатысушылардың ерекшеліктері, эксперимент мақсаты, талдауға ұсынылған эксперимент материалдары жайында ақпараттар диссертацияның 161-бетінде көрсетілген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған/ расталмаған.	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын-соңды жарияланған ғылыми сенімді еңбектерге, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, оларға сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Жалпы саны 160 еңбек. Барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен жиналған практикалық материалдар әдебиеттану және фольклортану оқыту курстарында, студенттердің ғылыми жұмыстарын, магистрлік диссертация жазу барысында, фольклор мен әдебиет байланысын зерттеушілерге, сондай-ақ жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті, филология білім бағдарламаларындағы фольклортану, әдебиеттану, әдебиет теориясының жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен жиналған практикалық материалдар әдебиеттану және фольклортану оқыту курстарында, студенттердің ғылыми жұмыстарын, магистрлік диссертация жазу барысында, фольклор мен әдебиет байланысын зерттеушілерге, сондай-ақ жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті, филология білім бағдарламаларындағы фольклортану, әдебиеттану, қазіргі қазақ әдебиеті, XX ғасыр әдебиеті оқу пәндерін жүргізуге материал ретінде пайдалануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы;</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы өте жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Диссертацияның жазылу стилі әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді. Орфографиялық және пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазылған. Бұл санамалап көрсетілген шарттар еңбектің академиялық жазу сапасын жоғары деп санауға негіз болды.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертация мазмұнымен, тұжырымдарымен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде менің тарапымнан арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді. Диссертацияның үшінші бөліміндегі постмодернизм терминдеріне болашақта авторлық баламалар енгізсе деген ұсынысым бар.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша 13 жарияланымы бар. Оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында 5 мақала, халықаралық ғылыми журналдарда, жинақтарда 3 мақала жарық көрген. Әр жарияланымның ғылыми деңгейі жоғары.</p>

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Обаева Гульнара Садуақасовнаға «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.
-----	---	--	--

- 1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Обаева Гульнара Садуақасовнаға «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Обаева Гульнара Садуақасовнаның «Ғ. Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін.

**Рецензент:**

**М.О. Әуезов атындағы**

**Әдебиет және өнер институты**

**Қолжазба және текстология орталығының**

**жетекші ғылыми қызметкері,**

**филология ғылымдарының**

**кандидаты, доцент**

*Әуезов* П.Т. Ауесбаева

25.11.2024

